

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ**

**«Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК
ӨНЕР МУЗЕЙІ» РМҚК**



**Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ
2021 жылға
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Алматы, 2020

Бекітемін
Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ
директоры
Шалабаева Г.К.

20 қаңтар 2020 ж.

Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ 2021 ЖЫЛҒА ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Ә. Қастеев атындағы Қарақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінің қызметі еліміздің мәдени көркемдік мұрасын коллекциялау, зерттеу, сақтау және репрезентациялау (ол туралы қайта таныстыру, мәлімет беру) сияқты музейдің басты міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған. Музейдің барлық бөлімшелері музей жұмысының ойдағыдай атқарылуын қамтамасыз ететін өзі міндеттерін орындайды.

Көркемдік музей – халықтың мәдени және білім алуға белсенділігін, ғылыми қызметті арттыруда, еліміздің имиджі мен туристік тартымдылығын қалыптастыруда мәдени және тарихи жадыларды сақтайтын маңызды әлеуетке ие әлеуметтік-мәдени институт. Заманауи музей – өнер, ғылым, білім, коммуникация, мәдени ақпарат және шығармашылық инновациялар ордасы.

Негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- Музей коллекциясын зерттеу және насихаттау, туындылардың ғылыми атрибуциясын жасау,
- қоғамдық мәні зор мәдени жобаларды ұйымдастыру,
- қалың көрермендер аудиториясын тарту,
- жеке ғылыми тақырыптарды дайындау, оларды одан әрі жүзеге асыру (жарияланым, ғылыми жобалар, конференциялар),
- музей экспозициясының барлық бөлімдері бойынша жеке әдістемелік құралдар әзірлеу,
- коллекцияны насихаттау мақсатында жаңа уақытша тақырыптық көрмелер дайындау,
- музейдің қорытынды каталогымен жұмыс істеу,
- музейді жаңғыртуды жүзеге асыру және т.б.

Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің қызметі Қазақстан Республикасының бірегей көркемдік мұрасын сақтау мен дәріптеуді алға қойған музейдің басты миссиясын жүзеге асыруға бағытталған. Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі өзінің миссиясын ойдағыдай

орындау үшін өз қызметін келесі бағыттарда жүргізеді: әлемдік өнер туындыларын жинақтау, сақтау, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу, реставрациялау, оларды қалың көрермен аудиториясына насихаттау. Музей құрылымында қор сақтау және реставрациялау бөлімі, ғылыми бөлімдер, жобалау қызметі және музей педагогикасы бөлімі, баспасөз қызметі, көрме және экспозиция бөлімі, баспа бөлімі, техникалық қызметтер және әкімшілік аппарат. Музей жанында екі бөлімшесі жұмыс істейді: олар – Орталық көрме залы және Ә. Қастеевтің мұражай-үйі. Музей қызметінің нәтижелілігі музейдің қор, экспозиция, ғылыми, ақпараттық, білім беру, жобалау және т.б. қызметтері сияқты негізгі түрлерін қамтитын барлық құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлы және жолға қойылған жұмысына негізделген.

Музей жұмысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік мәдени саясатымен бір арнада тоғысып, мемлекеттік стратегияның негізгі талаптарына жауап береді. Еліміздегі 2021 жылғы басты оқиға Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы болмақ. Бәсекеге қабілетті жас егемен мемлекет дамудың шапшаң қарқынын көрсетеді, мұндайда мәдениет те аз рөл атқармайды. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ еліміздің Тәуелсіздігінің мерейтой күнін мерекелеуге ат салысуға дайын. Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің миссиясы тарихи жадыны сақтау мақсатымен мәдени және тарихи мұраларды сақтау болмақ. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында айтылған бас идеялар музей стратегиясының басты артықшылығымен үндес, Қазақстанның мәдени саясатын жүзеге асырудың басты бағыттарына жауап береді. Президент «мерейтой экономикалық және саяси реформалар, цифрландыру, балалар мен мүгедектердің құқықтары қорғау, экологиялық проблемаларды шешу белгісімен» өтетінін атап өтті. Осыған назар аударатырып, музей 2021 жылы өз қызметінде музейді цифрландыру, балалар мен мүгедектерге арналған әлеуметтік жобалар және табиғатты сақтауға бағытталған арт-жобалар сияқты мәдениет пен көркемөнерге қатысты белгіленген салаларды басымдық ретінде белгілеуді көздейді. Музей қызметі бағытында ұлттық кодты сақтау – аса маңызды фактор. Нақ осы код халықтың өткенін, бүгін мен болашағының мүддесін біріктіреді. Мұның негізінде дәстүрдің ұлы күшін сақтау жатыр. Қазақстан ұлттық мәдениетінің жаршысы болып отырған музей халықтың тарихи жадысы мен ұлттық мәдени кодын сақтауға үндейді.

Бірегей коллекцияның арқасында музей ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі қолданбалы және бейнелеу өнерінің көркемдік формаларында қазақ халқының тарихы мен дамуының әртүрлі тарихи кезеңдерін ұсына алады. Біздің міндетіміз – Қазақстан өнерін жергілікті көрерменге насихаттау ғана емес, елімізден тысқары жерлерде де көркем шығармашылықты белсенді түрде таныстыру.

Сонымен, музей 2021 жылдың жобаларын жүзеге асыруда қызметтің мынадай бағыттарын орындауға бет қояды:

1. **Музейдің қор және реставрация жұмысы** музей коллекциясын сақтауға, олардың мәліметтерін енгізуге және сақтауға, заманауи кәсіби реставрациялық жұмыстарды жүргізуге және т.б. бағытталған.
2. Қазақстан мәдениетін әлемдік кеңістікке интеграциялау жөнінде музей **халықаралық ынтымақтасты күшейту** бойынша Қазақстан мәдениеті мен өнерін таныстыру үшін көшпелі жобаларды ұйымдастыру, және сондай-ақ Қазақстан көрермендеріне шет елдік көрмелерді ұсыну жұмыстарын жалғастыруда. 2021 жылы Ресей Федерациясымен, Сингапурмен, Әзірбайжанмен, ҚХР-мен және тағы басқа да елдермен бірлескен көрмелер мен ғылыми жобаларды ұйымдастыруға әріптес болуға ниетті. Көптеген жағдайларда кез келген халықаралық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі коронавирустық пандемияға байланысты Дүниежүзілік жағдайға тәуелді.
3. **Музейдің ғылыми жұмысы** өз коллекциясын сақтауға, ілгерілетуге бағытталған және бас каталогпен жұмысты, ғылыми мақалалар мен авторлық монографиялар дайындауды, диссертациялар қорғауды аңғартады. Жыл сайын музей қызметкерлері өздерінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін ұсынатын «Қастеев оқулары» ғылыми-практикалық конференциясы өтіп тұрады. Конференция музей ісінің мамандары мен өнер тарихшылары үшін пікірталас алаңына айналған.
4. **Баспа жобаларымен** жұмыс аясында музей «Қазақстан өнерінің 100 жауһары» атты таныстыру каталогын дайындау жұмыстарын аяқтауды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, 2021 жылы басталатын бірқатар музей монографияларын басып шығарудан үлкен жоба іске қосылмақ. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясындағы қытай өнері мен орыс өнерінің каталогтары бойынша жұмыс аяқталды (қаржыландыру мәселесі ашық күйінде қалуда, біз бұл кітаптарды таяу болашақта шығаруға мүмкіндік аламыз деп үміттенеміз).
5. **«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы** аясында жұмыс жалғасуда: музей коллекциясының толық электронды каталогын жасау, 3D мүсін галереясының жұмысын жалғастыру, Қазақстанның мәдени мұрасы мен музей объектілерінің бірыңғай мемлекеттік тізілімінің электрондық базасына мәліметтер беру және т. б.
6. **Музейді және оның оқиғаларын ақпараттық ілгерілету жөніндегі** қызмет – музейдің барлық іс-шараларын кеңінен жария ету, БАҚ-та тұрақты ақпараттық шығуларды, музей сайтын үнемі жаңартып, толықтыру және әлеуметтік желілердегі жұмысты қамтамасыз ету. Qazaq-TV компаниясының «Музей тарихы» ТВ-жобасы жалғасын тапты, белгілі қазақстандық суретшілердің шығармашылығы жайлы 16 бағдарлама дайындап, шығару жоспарлануда.
7. **Адам капиталының сапасын арттыру.** Музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру үшін жағдай жасау – магистратура мен

докторантураға түсу, біліктілік артыру курстарынан өту. Әрбір қызметкердің жеке және кәсіби өсуі бойынша жұмыс істеу – бірінші кезектегі міндет болғандықтан, музей осыған қолайлы жағдай жасауға тырысады.

8. **Музейдің білім беру қызметі.** Музей білім беру жобалары мен музей педагогикасы бағдарламаларын белсенді өткізеді. Олардың ішінде: «Әсем әлем» өнер академиясы шеңберінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан өнері және әлемдік өнер тарихынан дәрістер курсы, ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер мен пікірталас алаңдары, «Музей түні», отбасылық фестивальдар. Қызметтің бұл түрін карантин аяқталғанда орындауға болады. Қалай болғанда да, музей онлайн режимінде білім беру мазмұнын дайындау және шығару бойынша жұмысты жалғастыруға ниетті.
9. **Музейдің әлеуметтік жобалары.** Ерекше қажеттіліктері бар көрермендерді қоса алғанда, халықтың барлық топтарының музейге келуіне қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған «Қол жетімді музей» ауқымды қоғамдық маңызы бар жобасын іске асыруды жалғастыру. Мүгедектерге арналған шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға көмектесу. Тұрақты экспозицияны нашар көретін және зағип балаларға арналған тифлотүсініктемелермен жабдықтау бойынша келіссөздер жүргізілуде.
10. **Қайырымдылық жобасы** – РФ Бас Консулдығының қолдауымен муковисцидозбен ауыратын балалардың пайдасына IV қайырымдылық сауда-сатығының «Періштелер уақыты» халықаралық аукционалды көрмесі. Жобада спектакльдер мен концерттік бағдарламалар да бар (9-23 қаңтар). Сатудан түскен барлық қаражат ауру балаларға көмекке жіберіледі.
11. **Туризмді дамыту перспективаларын** ескере отырып, біз музейдің туристік кластердегі өндіруші буын ретіндегі рөлін күшейтуге ұмтыламыз. Туризм – табысы мол индустрия. Бұл компонент елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Музей Қазақстан Республикасының бірегей көркемдік қазынасы бола отырып, туристік тартымдылық факторларының бірі ретінде танылады. Музей әр түрлі жастағы аудиторияның, Қазақстан азаматтары мен шетелдік қонақтардың қызығушылығын қалыптастыру үшін жұмыстың инновациялық түрлерін енгізуге тырысады.
12. 2021 жылғы маңызды көрмелердің ішінде адамзаттың алғаш ғарышқа ұшқанына 60 жыл толуына арналған көрмені бөліп айтуға болады. Сондай-ақ, қазақстандық өнер шеберлерінің туған күндеріне орайластырылған бірқатар мерейтойлық көрмелер жоспарланды.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі бекіткен Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ үшін 2021 жылдың жалпы перспективалық жоспар көрсеткіштері

- Келушілермен қамтамасыз ету – 100 000 адам
- Көрме өткізу – 50

Төменде 2021 жылға музей бөлімшелерінің жұмыс жоспары келтіріледі.

МУЗЕЙДІҢ ҚОР ЖӘНЕ РЕСТАВРАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Музейдің басты міндеті музей жинақтамасын жинақтау, қалыптастыру және сақтау болғандықтан музейдің қор жұмысы музей қызметінің маңызды бөлігі болып есептеледі. Музейдің қор жұмысына көркем туындыларды есепке алу, сақтау және реставрациялау кіреді.

2021 жылдың 1 қаңтарына Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорындағы экспонаттардың жалпы саны – 25 713.

Қордың, сондай-ақ сақтау және есепке алу секторының қызметіне: экспонаттарды тұрақты сақтауға қабылдау (сыйға тарту, КҚД-дан, ҚСК-дан алу); музей жұмысының жалпы жоспары шеңберінде ҚСК өткізу; экспонаттарды уақытша сақтауға қабылдау; экспонаттарды көрмелерге беру (оның ішінде көшпелі көрмелерге де); экспонаттарды инвентарлық сипаттама жасауға беру; қорларды цифрлау (суретке түсіру) кіреді. Сонымен қатар, бөлім қызметкерлері келесі жұмыс түрлерін үнемі жүргізеді:

- реставраторлардың профилактикалық байқауы, реставрация, туындылардың сақталу күйіне сипаттама жазу;
- музейшілік тиісті құжаттар, қозғалыс актілерін жасау;
- мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қорда жыл сайын инвентаризация жүргізу;
- бөлімдер бойынша қорда барды тексеру: зергерлік бұйымдар (күміс), киіз, мүсін, тоқыма, ағаш, қыш;
- сипаттамаларды инвентарлық кітаптарға енгізу, туындыларды таңбалау;
- музей қорларының жұмыс картотекаларын ғылыми бөлімдер: Қазақстан кескіндемесі қоры, Қазақстанның тоқыма және сәндік-қолданбалы өнері қоры, ежелгі орыс өнері қоры, орыс және Батыс Еуропа кескіндемесі қорының картотекаларымен салыстыру;
- Музейдің жалпы каталогымен жұмыс: Қазақстан графикасы, заманауи сәндік-қолданбалы өнер, Батыс Еуропа гравюрасы және т.б.
- телевизиялық түсірілімдер;
- облыстық музейлердің, училищелердің, университеттер: Әл-Фараби атындағы ҚазМУ мен Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның тәжірибе жинақтаушыларымен және практиканттарымен жұмыс;
- музейдің Реставрация кеңесін, ҚСК ұйымдастыру және өткізу.

Қор сақтау қызметкерлері мәліметтерді Қазақстанның мәдени мұрасы мен музей объектілерінің бірыңғай мемлекеттік тізілімінің электрондық базасына мәліметтер беру бойынша жұмыс жүргізілуде (екі тілде) – жыл бойы қазақ және орыс тілдерінде саны жағынан 1 500-ден аса бірлік табыс етіледі.

Жыл бойына жоспарға сәйкес қордан алынатын көрмелерді өткізуге музей залдарына туындылар беру жоспарда бар.

Қорды инвентаризациялау – қор сақтау бөлімінің қызметкерлерінің бәрі тартылатын жыл сайын атқарылатын жұмыстың түрі. Жұмыс Мәдени құндылықтарды сақтау нұсқаулығына сәйкес жүргізіліп, музей коллекциясындағы заттардың бар-жоғын тексеруге мүмкіндік береді.

Ғылыми қызметкерлермен бірлесіп инвентарлық сипаттамалар жасау, сипаттамаларды тексеру – кемінде 250 дана.

Жыл бойына туындыларды суретке түсіру – қажетінше және Қазақстанның түпнұсқа графикасы, Орыс баспа және түпнұсқа графикасы, Кеңес баспа графикасы ғылыми каталогтарын әзірлеу үшін.

Реставрация бөлімі – қор сақтау және есепке алу бөлімінің маңызды бөлімшесі, осы бөлімшенің еңбегінің нәтижесінде біртуар өнер туындылары сақталып, екінші рет өмірге келеді.

Туындыларды реставрациялаудан 2021 жылға белгіленген жоспарлық көрсеткіштер:

- **Кескіндеме** – 35: Смағұлова К. – 15 (оның 4-уі күрделі), Степенко А. – 20 (оның 2-уі күрделі);
 - **Графика** – 65: Қалдыбаева Г. – 25 (оның 2-уі күрделі), Кожамжарова Г. – 30 (оның 2-уі күрделі);
 - **Металл, тері** – Қасымбеков М. 20 реставрация, 200 тазалау және өңдеу.
 - **Мүсін** – Оспанов А. 10 реставрация ($\frac{1}{2}$ лауазымдық жалақы).
1. Туындыларды реставрацияға дейін, реставрация кезінде және реставрациядан кейін суретке түсіру.
 2. Кескіндеме туындыларын шаңнан тазарту, былғаныштарын кетіру, жақтауларын жөндеп, сырлау.
 3. Көрмеге әкетілетін және әкелінетін туындыларды буып-түюге және олардың орауын ашуға қатысу (көрме жоспары бойынша).
 4. Реставрацияға келіп түскен туындыларды конверттеу.
 5. Тоқыма, киіз, кілем, жұмсақ инвентарь және т.б. қорларындағы жоспарлы дезинсекция.
 6. Арнаулы әдебиеттермен жұмыс, конференцияларға, көрмелерге қатысу – жыл бойына.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

Музей көркемдік ұйым ретінде ғана емес, ғылыми-зерттеу орталығы ретінде де жұмыс істейтіндіктен, ғылыми жұмыс музей қызметінің негізгі

басым түрлерінің бірінен саналады. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты музей коллекциясын зерттеу және суретшілер мен олардың уақыты туралы деректі мәліметтерді жинауды, атрибуция бойынша зерттеу жұмысын жүргізуді, жинақталған деректерді қорытуды қамтиды. Теориялық зерттеулер ғылыми және көпшілікке танымал басылымдарда, конференциялардағы баяндамаларда жарияланым түрінде жүзеге асырылады, сонымен қатар экскурсиялар, дәрістер мен әдістемелік әзірлемелер дайындауда қолданылады.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысын өнер музейінің ғылыми қызметін жетілдіру, сонымен бірге Қазақстан мен шет елдердің ғылыми, шығармашылық және педагогикалық қоғаммен байланысын нығайтып, кеңейтуді басты мақсат еткен музейдің Ғылыми кеңесі басқарады. Ғылыми кеңес кешенді даму бағдарламасын әзірлейді, ғылыми қызметтің басты бағыттары мен проблемалары бойынша өзгерістер енгізеді, мақсатқа сай келетіндігі жайлы қорытынды жасап, баспадан шығаруға дайындалған ғылыми, ғылыми-анықтамалық және ғылыми-көпшілік сипаттағы жұмыстарды қарап шығады, т.с.с.

Музей қызметінің ғылыми-зерттеу жұмысының басты бағыты – **бас каталогтармен жұмыс**. Бұл жұмыс оның мәні мен рөлін анықтау және түрлі елдер мен дәуірлердің тарихи және көркемдік ахуалдарын талдау мақсатында коллекциядағы барлық бұйымдарды жан-жақты зерттеуге негіз болады. Бұл – түпкі мақсаты музей коллекциясын тақырыптар бойынша каталог етіп шығару болып табылатын музей жинақтамасы егжей-тегжейлі зерттелетін ұзақ жылдық процесс.

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясындағы Қытай өнері мен орыс өнерінің каталогтары бойынша жұмыс аяқталды. Қазақстанның заманауи сәндік-қолданбалы өнері, Қазақстанның түснұсқа және баспа графикасы, кеңес баспа графикасы тақырыптық тараулары бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жұмыс бірнеше жыл бойы жобаланып келгендіктен, музейдің перспективалық жоспарына енгізілді.

«Қазақстан өнерінің 100 жауһары» кітабын дайындап, шығару маңызды ғылыми баспа жобасы болмақ, оның мәтіндік және иллюстрациялық материалдары орыс тілінде дайын. 2021 жылы басылымның макетін дайындау ойда бар, сонымен бірге кітапты басып шығаруға қажетті қаржы табылса, музей оны 2021 жылы шығарып, ұсынуға дайын.

Қазақстандық көрнекті өнер шеберлерінің шығармашылығын баяндайтын тақырыптық музейлік монографиялар бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл жоба Қазақстан өнерінің қалыптасуы мен дамуын пайымдауға қосылған маңызды үлес бола алады және Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мәдениет саласындағы мерейтойлық іс-шаралардың бір бөлігі бола алады.

Құрамына тәжірибелі сарапшылар – музейдің ғылыми қызметкерлері кіретін музейдің сараптама ғылыми кеңесінің жұмысы шеңберінде

музейдің өз қорындағы да, жеке жинақтамалардан да келген **көркемсурет туындыларын сараптау және атрибуттау** – музейдің ғылыми қызметінің ажырамас бөлігі.

2021 жылдың күзінде жыл сайынғы дәстүрлі **«Қастеев оқулары» ғылыми-практикалық конференциясы** өтеді, оның аясында музей қызметінің өзекті мәселелері көтеріліп, ғылыми қызметкерлердің ғылыми зерттеулерінің негізгі нәтижелері ұсынылады. Үстіміздегі жылға белгіленген конференцияның тақырыбы **«Мәдениет кеңістігі және тарихи сана»** деп аталып, ол Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналады. Конференцияның негізгі мәні заманауи музейлерде мәдени мұраны сақтау, Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан өнерінің негізгі жетістіктерін талдау мәселелері болмақ. Бұл тақырыптың аясы өте кең болғандықтан, халықаралық сарапшылар, музей саласының мамандары қатысуға шақырылатын ғылыми-практикалық семинар шеңберінде толыққанды кәсіби диалогты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Конференция 2020 жылы 15 қыркүйекке жоспарланып отыр.

Келушілер үшін әлемдік көркем мәдениетті дәріптеу және музей коллекциясын ілгерілету құралы ретінде дәріс дайындап, оқу – музейдің ғылыми қызметкерлері жұмысының маңызды бөлігі. Музей көрермендері арасында «Әсем әлем» өнер академиясының әлемдік және қазақстандық өнер тарихы бойынша дәрістер курсы зор табысқа жетті. Пандемия кезінде дәрістер курсы онлайн-форматында өтеді. Карантин шаралары бәсеңдеп, бұқаралық іс-шараларды өткізуге қойылатын талаптар жойылғаннан кейін музей ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі кезеңді қамтитын әлемдік және отандық мәдениет бойынша дәрістер курсы қайта бастауға ниет білдіреді. Сондай-ақ, осыған дейін музей мамандары балаларға арнап әзірлеген «Әсем әлем жастар» дәрістер циклын қайта бастау көзделіп отыр.

Музей жыл сайын музей мамандарына арнап олардың кәсіби біліктілігін арттыру үшін ғылыми семинарлар ұйымдастырып, өткізіп тұрады. 2021 жылы музей көркемсурет туындыларын талдау бойынша жас мамандарға арналған оқыту семинарын өткізуді ойластыруда (жыл ішінде). Сондай-ақ көркемдік-әдістемелік кеңес аясында тұрақты түрде экскурсия мен дәрісті қалай жүргізуді үйретеді.

Жеке ғылыми зерттеулер аясында ұзақ уақыттық ғылыми жұмыстардың нәтижесін көрсететін музей қызметкерлерінің **«Музей еңбектері»** ұжымдық авторлық монографиясын дайындап, басып шығару бойынша жұмыс жүргізілуде. Жинақты шығару 2021 жылға жоспарланды.

Әрбір ғылыми қызметкер **жеке ғылыми тақырыпты** білдіретін музей коллекциясының белгілі бір тарауына маманданады. Ғылыми тақырып бойынша материалды зерттеп, жинау, өнер бұйымдарын атрибуттау, зерттеулердің нәтижелерін мақалалар мен конференция баяндамаларының мәтінінде, сонымен бірге дәрістерде, экскурсиялар мен

әдістемелік талдамаларда және т.б. пайдалану ғылыми қызметтің практикалық тәсіліне жатады.

Музейдің әрбір ғылыми қызметкеріне **жылына кем дегенде 20 сипаттама** жазу жоспарға қойылған.

Ғылыми қызметкерлер туындылар жайлы мәліметтерді электрондық форматтың мәліметтер базасына біртіндеп аудару үшін музей арнайы жасаған ААЖ (Автоматтандырылған ақпараттық жүйе) электрондық сандық жүйеге енгізіп жатыр. Әрбір ғылыми қызметкер кем дегенде 10, ал әр бөлім 70 ғылыми карточка енгізуі тиіс.

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Коллекциясының қорында Қазақстанның кәсіби суретшілерінің кескіндеме, түпнұсқа және баспа графика, театр-декорация өнері және мүсіндік туындылары – барлығы 12 081 экспонатты қамтитын музейдегі ірі ғылыми бөлімдердің бірі. Бөлімнің негізгі ғылыми тақырыбы «Қазақстан бейнелеу өнері: тарихы және қазіргі заман» – Қазақстан суретшілерінің шығармашылығын зерттеу, жеке және ортақ стильдік ерекшеліктерін анықтау Қазақстандағы бейнелеу өнері кәсіби мектебінің түрлі даму кезеңдеріндегі тарихи сатылардың көркемдік ерекшелігін айқындау.

Бөлімнің кадрлық құрамы 7 адамның тұрады:

Мұқажанова Күлжазира Жұмаділқызы – бөлім жетекшісі

Мамытова Самал Мұхтарқызы – кескіндеме және театр-декорация өнері секторының жетекшісі

Мырзабекова Сандуғаш Көпболсынқызы – графика және мүсін секторының жетекшісі

Жадайбаев Әмір Жалынұлы – графика және мүсін секторының жетекшісі ғылыми қызметкері

Әбілдаева Лаура Орақбайқызы – графика және мүсін секторының ғылыми қызметкері

Омарова Еркежан Алтынбекқызы – кескіндеме және театр-декорация өнері секторының кіші ғылыми қызметкері

Жұбанова Гүлнұр Алпысбайқызы – Ә. Қастеев мұражай-үйінің ғылыми қызметкері

Жеке ғылыми тақырыптары

Мұқажанова К.Ж. «XX ғасырдағы Қазақстан бейнелеу өнеріндегі тұрмыстық картинаның дамуы». Тақырыпша: «1950-жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнеріндегі ұлттық модель»

Жадайбаев Ә.Ж. а) «Ұлы даланың соңғы серісі. Ә. Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы» (монографияны баспаға әзірлеу)

б) Суретші В. Эйферт жайлы монографиялық

	зерттеуді баспаға әзірлеу.
	в) «1970-1980-жылдардағы Қазақстанның портреттік кескіндемесі» монографиялық зерттеуін баспаға әзірлеу
Мамытова С.М.	«1960-1980-жылдардағы Қазақстан графикасының көркемдік даму тенденциялары»
Мырзабекова С.К.	XX-ғасырдың 2-жартысындағы Қазақстан кескіндеме өнерінің дамуындағы көркемдік ерекшеліктер. Кескіндеме, графика, мүсін. Тақырыпша: Қазақстан суретшілерінің шығармаларындағы Ғарыш тақырыбы.
Әбілдаева Л.О.	Музей және экология: Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы экология тақырыбы
Омарова Е.А.	«Қазақстандағы орыс суретшілері». Тақырыпша: «Т. Говорованың шығармашылығындағы Қазақстан кезеңі. Суретшінің туғанына 100 жыл толуына арналады»
Жұбанова Г.	XX ғасырдағы Қазақстан кино суретшілерінің шығармашылығы (Творчество художников кино Казахстана)

Бөлімнің негізгі жұмысы – музей коллекциясының ең көп бөлігі болатын Қазақстанның бейнелеу өнері қоры бойынша ғылыми каталог дайындау. **Қазақстанның түпнұсқа графикасы каталогымен** жұмыс жүргізілуде – экспонаттарды салыстырып тексеру, қосымша мәліметтерді, түсірілген суреттердегі жазуларды компьютерге енгізу, каталогтық мәліметтерді редакциялау – жұмысқа бөлім қызметкерлерінің бәрі жұмылдырылды. 2021 жылы каталогты баспаға әзірлеу жұмысын аяқтау жоспарланды.

Экспонатты ғылыми өңдеу **ғылыми сипаттаманы** дайындап, деректерді картотекаға енгізуді қажет етеді. Жоспар бойынша әрбір ғылыми қызметкер 20 ғылыми сипаттама жазуы тиіс (экспонаттардың инвентарлық сипаттамасы; жаңа карточкалар жасау; қосымша мәліметтерді енгізу) – бөлім бойынша 140 сипаттама.

Музейдегі жұмыстың инновациялық түрі қағаз карточкаларды біртіндеп электрондық сандық нұсқаға аударуға негізделген автоматтандырылған ақпараттық жүйе – ААЖ-ны музей қызметі практикасына енгізу болып табылады. Бөлім жоспары бойынша **70 карточканы электрондық форматқа аудару** көзделуде.

Бөлім мамандары **ғылыми мақалалар жазады**. Көлемі бойынша толымды, мазмұны кеңейтілген ғылыми зерттеулер «Музей еңбектеріне» (10 беттен асатын), жеке ғылыми тақырыптары «Қастеев оқулары» конференциясына баяндамалардың тезисі ретінде көрінеді.

№	Жарияланым тақырыбы	Дереккөз
1.	Мукажанова К.Ж. 1950-жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнеріндегі ұлттық модель. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына. Өнердегі негізгі беталыстар	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ еңбектері Қастеев оқулары-2021
2.	Мамытова С.М. 1970-1980 жылдардағы кітап графикасы 1960-1980 жылдардағы Қазақстан графикасының көркемдік даму ерекшеліктері (И. Исабаев, М. Қисамединов, Ә. Рахманов, Қ. Зәкіров т.б.)	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ еңбектері Қастеев оқулары-2021
3.	1970-1980 жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнері. «Тоқырау кезеңіндегі» Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы негізгі бағыттарға талдау «Ақ мұнара». 2000-жылдардағы Ғ. Мадановтың шығармашылығы	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ еңбектері Қастеев оқулары-2021
4.	Мырзабекова С. К. «Қазақстан суретшілерінің кескіндемелеріндегі ғарыш көрінісі». «1970-80 жылдарғы Қазақстан суретшілерінің кескіндемелеріндегі кеңістік» Д. Әлиев, Е. Төлепбаев, Б. Түлкіев, т.б.,	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ еңбектері Қастеев оқулары-2021
5.	Әбілдаева Л.О. Музей және экология. Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы экология тақырыбы	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ еңбектері Қастеев оқулары-2021
6.	Жұбанова Г. Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдығына арналған	Қастеев оқулары-2021
7.	Омарова Е.А. Қазақстандағы орыс суретшілерінің шығармашылық ізденіс ерекшеліктері. Т. Говорованың шығармашылығындағы Қазақстан кезеңі. Суретшінің туғанына 100 жыл толуына арналады	Отандық өнер. И. Репин ат. СПбКА мақалалар жинағы Қастеев оқулары-2021

Ғылыми жұмыс түрлерінің бірі – **туындыны ғылыми атрибуттау және көркемдік бағалау**. Музейдің сараптама кеңесінің құрамына кіретін бөлім қызметкерлері: Мұқажанова, Жадайбаев, Мамытова, Омарова. Жұмыстың бұл түрі жыл бойы жүргізіледі.

Ғылыми зерттеуден басқа, бөлім қызметкерлері музейдің ғылыми-әдістемелік жұмысына да, соның ішінде **экскурсия жүргізуге, дәріс оқуға**, сондай-ақ жаңа тақырыптар дайындауға қатысады. Тәжірибелі мамандар экспозицияның түрлі бөлімдері бойынша әдістемелік құралдар, дайындайды, музейдің тұрақты экспозицияларының бөлімдері бойынша

нұсқаушы (бағыт беретін) экскурсиялар жүргізеді. Қызметкерлер 2021 жылы музейде ұйымдастырылатын ғылыми семинарларға белсене қатысуды жоспарға қойды. Дәріптеу жұмысы БАҚ үшін сұхбат беруді, мақала жазуды талап етеді. Музей қызметкерлері дәріс оқуға, экскурсия жүргізуге қатысады, әрбір қызметкер жылына кем дегенде 5 экскурсия жүргізуді және кем дегенде 2 дәріс оқуды жоспарлады. Бүкіл бөлім бойынша 50 экскурсия жоспарланды (Жұбанова жоспарға Қастеевтің мұражай-үйінде 25 экскурсия жүргізуді жоспарлады).

Уақытша көрмелерді ұйымдастыру және өткізу кезінде бөлім қызметкерлері экспозицияны дайындау мен өткізудің барлық кезеңдеріне белсене қатысып, **жетекшілік етеді**. Үстіміздегі жылы аталған бөлім уақытша көрмелерге **7 кураторлық жоба жоспарлап отыр**:

- Қазақстанның тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мерейтойлық көрме;
- Р. Юсуповтың мерейтойлық көрмесі;
- Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан «Өнердің жарқын беттері» жобасы аясында Рембрадтың офорттарынан көрме (шет ел өнері бөлімімен бірлескен кураторлық);
- Мерей жастағы суретшілер-2021, графика көрмесі;
- Қайырбай Зәкіровтің көрмесі;
- Асқар Нұрболаттың жеке көрмесі;
- Нұржан Сауытбековтің жеке көрмесі;
- Рыстан Өмірзақтың мерейтой көрмесі;
- Гүлнар Асқарованың жеке шығармашылық көрмесі;
- Мерей жастағы суретшілер-2021, кескіндеме көрмесі.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Бөлімнің ортақ тақырыбы – Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің коллекциясы мысалында қазақтың халықтық қолданбалы өнерінің көркемдік дәстүрлеріндегі этно-стильдің іргелі принциптері қазақ қолданбалы өнері туындыларының көркемдік-стилистикалық ерекшеліктерін, түрлі материалдарды өңдеудің бірегей техникаларын зерттеуге, түрлік және өңірлік айырмашылықтарды анықтауға бағытталған. Бөлімге 4 327 сақтау бірлігінен құралған қор бекітілген, олар – зергерлік өнер, тері мен ағаштан жасалған бұйымдар, дәстүрлі кесте, киіз және тоқыма кілемдер, ат әбзелдері.

Бөлімнің кадрлық құрамында 3 қызметкер бар:

Жұмабекова Гүлайым Мұсағұлқызы – бөлім жетекшісі

Баженова Наталья Александровна – аға ғылыми қызметкер

Жұбаниязова Гүлнар Қуандыққызы – аға ғылыми қызметкер

Жеке ғылыми тақырыптары

Жұмабекова Г.М. XIX-XX ғасырлардағы қазақтың зергерлік әшекейлері. Қазақтың зергерлік өнерінің стильдік

Баженова Н.А.	бағыттары XIX-XX ғасырларлағы қазақтың көркем тоқымасы. Оюлы тоқыманы қалыптастырушы принциптер
Жұбаниязова Г.Қ.	XX-XXI ғасырлардағы қазақ гобеленінің дамуы мен қалыптасуы

Бөлімнің негізгі жұмысы – музей қорларының ғылыми каталогын дайындау. Қазақстанның зергерлік өнері мен Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінің каталогтары жарыққа шықты. **Қазақстанның заманауи сәндік-қолданбалы өнері каталогымен** жұмыс жүргізілуде (атрибуттау, ғылыми-аықтамалық аппарат, редакциялау және т.б.). Ғылыми қызметкерлер экспонаттарды ғылым өңдеуден өткізеді – жоспарға **дәстүрлі қолданбалы өнер бұйымдарынан 60 сипаттама**, сондай-ақ Қазақстан графикасынан да сипаттамалар жасау енгізілді.

Музей қызметкерлері сондай-ақ қағаз карточкаларды біртіндеп электрондық сандық нұсқаға аударуға негізделген автоматтандырылған ақпараттық жүйені (ААЖ) игеруге ат салысады. Жоспар бойынша **бөлімнен 30 карточканы** электрондық форматқа ауыстыру көзделуде.

Сараптама кеңесі аясында сараптамалық қорытындыларды дайындау және салыстырмалы атрибуция процесіне қатысатын Н. Баженова музейдің сараптама комиссиясының құрамында.

Бөлім қызметкерлері келесі ғылыми жарияланымдарды әзірлеуде

№	Мақаланың атауы	Басылым түрі	Қайда басылып шығады
1	Жұмабекова Г. Қолөнер бұйымдарындағы ою-өрнектердің мәні мен мағынасы	Ғылыми мақалалар жинағы	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ еңбектері
2	Баженова Н. Қазақ тоқымасы	Монография	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ
3	Баженова Н. Қазақтың тақыр кілемдеріндегі тоқу дәстүрлері	Ғылыми мақалалар жинағы	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ еңбектері
4	Жұбаниязова Г. Қазақша дәстүрлі тері өңдеу ерекшеліктері	Ғылыми мақалалар жинағы	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ еңбектері
5	Жұмабекова Г. Қазақтың зергерлік өнеріндегі стильдік бағыттар	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы	Қастеев оқулары -2021
6	Баженова Н. Тұрмыстағы және ғұрыптық рәсімдегі қазақтың кілем бұйымдары	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы	Қастеев оқулары -2021
7	Жұбаниязова Г. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақтың	Ғылыми-практикалық	Қастеев оқулары-2021

	кесте өнері	конференцияның материалдар жинағы	
--	-------------	-----------------------------------	--

Бөлім мамандары жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2021» ғылыми-практикалық конференциясына өз тақырыптарын бекітті.

Қызметкерлер экскурсия жүргізіп, дәріс оқиды, 2021 жылға экскурсиялардың жаңа тақырыптарын дайындап, тапсыру жоспарланды. Әрбір қызметкер жылына кем дегенде 10 экскурсия өткізуге міндеттеме алды.

Бөлім **онлайн-таныстырылымдар мен шеберлік сабақтарын** әзірлеуде, жыл бойына жүргізілетін келесі тақырыптар бекітілді:

1. Қазақтар мен Азия өңіріндегі басқа елдердің қолданбалы өнеріндегі Үш бірлік символикасы
2. Гүлжанат Қабижанованың шығармашылығы
3. Раушан Базарбаеваның ғажайып әлемі
4. Профессор Н.К. Рерихтің Орталық Азияға жасаған экспедициясы
5. Ю.Н. Рерих – шығыстанушы, көшпелі мәдениетті зерттеуші, номадистиканың негізін салушы
6. Н.К. Рерихтің шығармашылығындағы Азия
7. Халықаралық мәдениет күні (15 сәуір)
8. Әлемді мәдениет арқылы көру. Рерих пактісі және Бейбітшілік туы
9. Қазақтың дәстүрлі тері өңдеу әдісі. Сақтау және қайта қалыпқа келтіру принциптері.
10. Суретші Қ. Жұбаниязовтың шығармашылығы
11. Қазақ халқының дәстүрлі кесте тігу өнері
12. Қазақстан заманауи кесте өнері
13. Суретші Д. Шоқпаровтың шығармашылығы
14. Қазақтың дәстүрлі тері ұқсату тәсілдері және қолданылу ерекшеліктері
15. «Қазақстан гобелені. Түрлі түсті өрімдер поэзиясы»
16. Қазақ халқының киіз басу өнері
17. Қазақ халқының дәстүрлі бау тоқу өнері
18. Қазақстанның қазіргі зергерлік өнерінің дамуы.
19. Зергерлік әшекейлердің киімдегі атқаратын ролі
20. Қазақ халқының ұлттық бас киімдері
21. Қазақ кілемдерінің ерекшеліктері. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан
22. Зергер Амангелді Мұқажановтың шығармашылығы
23. Кимешек – тамыры терең төл мұра
24. Ағаш өңдеу өнері

Қызметкерлер музейдегі уақытша көрмелерге кураторлық жұмыс жүргізеді, 2021 жылы Қазақстан қолданбалы өнері бөлімі 2 кураторлық

көрме жобасын жоспарлады: Қазақстанның замануи қолданбалы өнері суретшілерінің көрмесі (Жұмабекова Г.). Бөлім қызметкерлері көркемөнер мамандықтары түлектерінің дипломдық жобаларына рецензент ретінде қатысады, практиканттармен әдістемелік сабақтар, шеберлік сабақтары мен консультациялар өткізеді.

Наталья Баженова көру, тірек-қимыл аппараты, есту жағынан және менталдық ауытқуларға ұшыраған түрлі ерекшеліктермен шектелген мүгедек-келушілер тобымен жұмыс істейді. Мүгедектермен әлеуметтік жұмыс музейде «Барлығы үшін қол жетімді музей» бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

ШЕТ ЕЛ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Музей коллекциясында XVI ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейінгі шетелдік өнер туындылары бар. Жинақтама Ресей, Батыс Еуропа, Шығыс, Америка мен Африканың түрлі елдерінің өнерін ұсынады. Жинақтаманың бұл бөлімінде музейдің құрылған сәтінепн бастап жиналған, Орталық Азиядағы үздік өнер коллекцияларының бірі болатын экспонаттар бар. Бөлімге 7 500-ге жуық сақтау бірлігінен құралған коллекция қоры бекітілген. Жинақтама энциклопедиялық сипатқа ие болғандықтан, музей әлемдік өнердің түрлі бағыттары мен стильдерін көрсете алады.

Бөлімнің кадрлық құрамы 4 адамнан тұрады:

Сырлыбаева Г.Н. – бөлім жетекшісі

Сальникова Мария – ғылыми қызметкер

Вологодская В. – кіші ғылыми қызметкер

Айдарбек Айгерім – кіші ғылыми қызметкер

Жеке ғылыми тақырыптары

Сырлыбаева Г.Н.	1. Қазақстан орыс суретшілерінің туындыларында.
	2. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясындағы орыс өнері
Сальникова М.	Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясы мысалында ХХІ ғасырдағы көркемсуреттік жүйенің дамуы. Заманауи дискурс
Вологодская В.А.	Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан Шығыс және батыс Еуропа елдерінің өнері
Айдарбек А.	ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ ғасырдың басындағы өнерде көркем бейненің түрленуі

Әрбір маман кем дегенде **20 экспонатқа ғылыми сипаттама** жазуы тиіс. Экспонаттарды ғылыми өңдеу карточкаларға өмірбаяндық және ғылыми мазмұндағы қосымша ақпаратты енгізуді, сондай-ақ жаңа карталарды құруды көздейді.

Қағаз карточкаларды электрондық сандық жүйеге аударуды керек ететін **ААЖ – автоматтандырылған ақпараттық** жүйесін мәліметтермен

толықтыруға ат салысады. Жоспар бойынша бөлімнің кем дегенде 50 карточкасы электрондық форматқа ауыстыру көзделіп отыр (ғылыми қызметкерлер – 15 карточкадан және бөлім жетекшісі – 5 карточка).

Көркем туындының күнін, кезеңін белгілеумен және атауын нақтылаумен байланысты **көркемсурет туындыларын ғылыми атрибуттау** – бөлім қызметкерлері қызметінің маңызды түрлерінің бірі. Сырлыбаева Г.Н. белгісіз суретшінің (Рокотов болуы мүмкін) егде жастағы әйелдің портретін портретін атрибуттауды жоспарлады. Бөлім қызметкерлері Сальникова мен Вологодская сараптама кеңесінің құрамына кіріп, өтінімдердің түскеніне қарай жыл бойы сараптау қорытындыларын дайындаумен айналысады. Вологодская сараптамалық кеңестің хатшысы болғандықтан, барлық ілеспе құжаттаманы жүргізеді, кеңестерді ұйымдастыруға жауап береді.

Қызметкерлердің әрқайсысы **ғылыми каталогтың тақырыптық бөлімдерімен** жұмыстарын жалғастырады:

- XVII-XVIII ғасырлардағы орыс өнері каталогы – Сырлыбаева Г.Н. Жоспар бойынша 2021 жылдың 1-тоқсанының аяғына дейін жұмысты аяқтау.
- Заманауи шет ел өнері: Кескіндеме, мүсін, қолданбалы өнер – Сальникова М.
- Заманауи шет ел баспа графикасы – Вологодская В.А.
- Эксилибрис өнері – Айдарбек А.

Каталогтармен жұмыс мәліметтерді атрибуттау нәтижесінде нақтылауды, редакциялауды және авторлар жөнінде жаңа мәліметтер енгізуді, көрсетілген басылымдардың әрқайсысындағы жетіспейтін экспонаттарға мәліметтер енгізуді, тексеруді және аударуды, мәліметтерді жинақтауды бір ізге түсіруді талап етеді.

Конференцияларда сөйленетін сөздер мен ғылыми мақалаларды жариялауға дайындық жүруде. Қызметкерлер жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2021» ғылыми-практикалық конференциясына баяндамалар тақырыбын таңдап алды:

- Сырлыбаева Г.Н. Орыс министрі Виттениң әжесінің портреті. Толғаныстар. Нұсқалар. Дәлелдер іздестіру
- Вологодская В.А. Құс қора. 17 ғасырдағы голланд өнеріндегі анималистік жанр
- Сальникова М.А. Социалистік реализм феноменологиясы. Ә. Қастеев атындағы ҚОР МӨМ коллекциясы мысалында 1940-1950-жылдардағы өнер
- Айдарбек А. «Гүлдесте таққан қыз-ай...». Михаил Врубельдің мүсіндік шығармасы жайлы. ҚР МӨМ қорынан

Музей конференциясынан басқа, өзге де ұйымдардың ғылыми шараларына қатысу ойластырылуда. Сонымен, Г.Н. Сырлыбаева Президенттің Мемлекеттік мұрағатының ғылыми конференциясына арнап «Ресей мен Қазақстан мұрағаттарындағы Всеволод Теляковскийдің

мұралары» хабарламасын әзірлеу үстінде, ол кейінірек жарияланады (қыркүйек 2021).

Қызметкерлер дәріс оқып, экскурсия жүргізеді. Жаңа экскурсиялар мен дәріс тақырыптарына әзірлік пен оны тапсыру жоспарға қойылды. Сальникова М. «Батыс Еуропаның шет ел өнері» тақырыбы бойынша, Айдарбек А. XX ғасырдағы шет ел өнері және Батыс еуропа өнері бойынша, Вологодская В. – XX ғасырдағы шет ел өнері бойынша экскурсиялар дайындауда. Әрбір қызметкердің жоспарына жыл бой кем дегенде 5 экскурсия жүргізу міндеттелді (бөлімнен ең кемі 20 экскурсия).

Музейдің видео-таныстырылымы аясында келесі тақырыптар дайындалды:

1. Сырлыбаева Г.Н. К. Коровин. ҚР МӨМ-нен екі портрет
2. Сырлыбаева Г.Н. Күмәнсіз ерекше қабілет иесі. ҚР МӨМ-дегі З. Серебрякованың туындылары
3. Сырлыбаева Г.Н. Бейнелеу өнеріндегі аң аулау мен балық аулау. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ
4. Сырлыбаева Г.Н. «Қоғамда өнерге деген махаббаттың артуы...». ҚР МӨМ-дегі Жылжымалы көркемсурет көрмелері серіктестігі мүшелерінің туындылары
5. Сырлыбаева Г.Н. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-дегі В. Рождественскийдің туындылары
6. Айдарбек А. Тәтті жемістің хош иісі. И.Ф. Хруцкийдің шығармашылығы жайлы
7. Айдарбек А. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясындағы «Өнер әлемі»
8. Айдарбек А. М. В. Нестеровтың «Патша қызы» жайлы әңгімесі
9. Айдарбек А. Бір туындының тарихы. Мүсінші Петр Клодт
10. Сальникова М. Қазақстан өнеріндегі әйелдер бейнесі. 20 ғасырдың 1-жартысы
11. Сальникова М. Қазақстан өнеріндегі әйелдер бейнесі. 20 ғасырдың 2-жартысы
12. Сальникова М. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ заманауи шет ел өнері коллекциясына кейін келіп түскен туындылар: А. Фирсов, Б. Байтереков, Ли-Сон-Ок, П. Шорин
13. Сальникова М. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясынан «С. Ивенскийдің экслибристері»
14. Вологодская В. Ци Байшидің шығармашылығы. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясынан
15. Вологодская В. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясындағы батыс Еуропа туындылары мысалындағы анималистік жанр
16. Вологодская В. Нэцкэ өнері. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясынан

17. Вологодская В. Э. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясындағы туындылар мысалында натюрморт жанры
18. Вологодская В. Цзяньчжи – қағаздан қиятын қытай өнері. Э. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясынан
19. Вологодская В. Э. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясынан Батыс Еуропа туындыларындағы мифологиялық сюжеттер. «Андромеданы құтқару». Себастьян Бурдон

Қызметкерлер **бірлескен Вuro24/7 жобасы аясында музейдің дәріптеу жұмысына** қатысады. Көрсетілген ресурста тұрған мақалалар, жарияланымдар бойынша тақырыптық жоспар жасалды: З. Серебрякованың туындылары (Сырлыбаева), С. Бурдонның «Андромеданы құтқаруы» (Вологодская), О. Розанованың «Бұйымсыз композициясы» (Сальникова), А. Дейнекидің туындылары (Айдарбек А.).

2021 жылдың жоспарына Э. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан тақырыптық көрмелер өткізу кірістірілді: Ресей Федерациясының өнері. 1950-жылдар және Ресей Федерациясының өнері. 1960-1980-жылдар (куратор Сырлыбаева Г.Н.), кеңестік баспа графикасы көрмесі (Айдарбек А.). Вологодская Андрей Бодровтың (РФ, СПб) халықаралық графика көрмесіне жетекшілік етеді. Сальниковада Э. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан «Рембрандтың офорттары» жоспарда тұр (Жадайбаевпен бірлескен кураторлық) және Юрий Акопянцтың халықаралық акварель көрмесі (Таганрог). А. Айдарбек Г. Титовтың, А. Иванованың (акварель) көрмесіне жетекшілік етеді. **Жоспар бойынша 2021 жылы бөлім 8 уақытша көрмеге жетекшілік етеді.**

МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТІ АЯСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ САРАПТАМА

Туындылардың түпнұсқа екендігі мен олардың авторлығын анықтап, растау мақсатымен өнер туындыларын зерттеудің жоспарлы процесі – сараптама кеңесінің басты міндеті. Сараптама кеңесінің құрамына музейдің жетекші ғылыми мамандары кіреді. Кеңес жұмысының тұжырымдамасы оның түрлі зерттеу әдістемелерін және құжат толтыру рәсімін меңгеруімен байланысты, өнер бұйымдарын қабылдап алу және қайтару жөніндегі құжаттаманы реттейтін бекітілген рәсіммен тіркеледі. Музейдің сараптама кеңесінің құрамы: С. Көбжанова – төрағасы, В. Вологодская – ҒС кеңесінің хатшысы, комиссия мүшелері – Г. Молдашева, Е. Резникова, Э. Жадайбаев, К. Мұқажанова, С. Мамытова, Н. Баженова, Г. Сырлыбаева, М. Сальникова, Т. Бөкеш.

Көркем туындыларға ғылыми сараптама стилистикалық, салыстырмалы-салғастырмалы талдауға құрылып, музей қорларын сақтау бөлімімен бірлесіп жүргізіледі. Қажет болған жағдайда зерттеудің қосымша техникалық түрлері – ультракүлгін және рентгенологиялық зерттеулер іске қосылады. Сараптама комиссиясының жұмысы музейдің тәжірибелі ғылыми қызметкерлерінің зерттелетін туындыларды алқалы түрде талқылауға негізделген.

Көркемдік-ғылыми сараптамаларды толыққанды жүргізу стратегиясы:

- жеке коллекциялар бойынша мәліметтер базасын қалыптастыруға (тұжырымдамасы мен мәліметтер базасының құрылымы жасалады, суретке түсіріледі, микроскоп арқылы зерттеу жүргізіліп, микроскоптан мәліметтер базасына көшіріледі);
- ҚР МӨМ қорынан Н. Хлудов, Ә. Қастеев, С. Калмыков, Ж. Шәрденов және т.б. суретшілердің туындылары бойынша мәліметтер базасын жасауға;
- Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қорынан сандық форматта сандық нұсқада түпнұсқа қолтаңбалардың мәліметтер базасын толықтыруға негізделеді.

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде ұйым қызметінің негізгі бағыттарын реттейтін бес Кеңес құрылған, олар: Көркемдік-әдістемелік кеңес, Ғылыми кеңес, Сараптама кеңесі, Реставрациялық кеңес, Қор-сатып алу кеңесі (ҚСАК – қор сатып алу комиссиясы).

Музейдің ғылыми-әдістемелік жұмысына Көркемдік-әдістемелік кеңес басшылық етеді. Ол – музей қызметінің негізгі түрлерін жоспарлап, ұйымдастыруды үйлестіретін алқалық, консультативтік, кеңесші орган. Көркемдік-әдістемелік кеңес қызметінің аясында бірқатар маңызды мәселелер шешіледі, оның ішінде музейдің құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлау-есеп беру қызметінің жүзеге асуын бақылап, музейдің дәрістік-экскурсиялық жұмысының стратегиясын жасайды, ғылыми қызметкерлердің, қор сақтаушылардың, экскурсия жүргізушілердің, дәріскерлердің ғылыми принциптерді, нақтылықты, көрнекілікті, көркемдікті сақтауын және берілетін музей ақпараттарының жоғары сапалы болуын қадағалайды.

2021 жылы Көркемдік-әдістемелік кеңес жиналыстарын жүйелі түрде өткізу мынадай мақсаттар бойынша жоспарланды:

- мемлекеттік музейдің ғылыми жұмыстарының перспективалық жобалары мен жылдық жоспарларының жүзеге асуын бақылау;
- экскурсияны жүйелі тыңдау, ғылыми-ағарту жұмыстарының тәжірибесін талқылау және қорытындылау;
- мемлекеттік өнер музейінің тұжырымдамаларының, құрылымдарының, тақырыптық-экспозициялық жоспарлары мен тұрақты экспозицияларының сәулеттік-көркемдік шешімдері мен көрмелерінің жобаларын дайындау;
- экскурсия жүргізуші мен ғылыми қызметкерді ғылыми-ағартушылық жұмыс жүргізуге жіберу мүмкіндігін талқылау (экскурсия өткізу, дәріс оқу);

- ғылыми қызметкердің атқаратын қызметіне лайықтылығы туралы баға беру және аттестацияға ұсыну, ғылыми қызметкердің сынақ мерзімінен өткені туралы кепілдемелер, қызметкердің біліктілігін арттыру туралы ұсыныстар мен кепілдемелер беру;
- музейдің мәдени іс-шараларының жетекшісін белгілеп, жобасының алғашқы концепциясын әзірлеп, жоспарын бекіту;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының, сондай-ақ инновацияларды енгізудің нәтижелілігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- ғылыми құжаттама жобалары: зерттеу жобалары мен бағдарламаларды (қорларды, экспедицияларды, іссапарларды, шет елдік тағлымдамаларды, гранттарды іріктеп жинақтау), экспозиция және көрме тұжырымдамаларын, тақырыптық-экспозициялық жоспарларды, экскурсия жүргізушіге көмек ретінде мәтіндерді, дәріс мәтіндерін, мақалаларды, ғылыми баяндамаларды, есептерді, әдістемелік зерттеулерді, жаңа экскурсиялар мен лекциялардың мәтіндерін, мәдени-көпшілік шараларды, білім беру бағдарламаларын, үйірмелер мен студия жұмысының жоспарларын қарастыру.

МУЗЕЙДІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Музейдегі баспасөз қызметінің маңызды міндеті – музейде өтетін іс-шаралардың бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде уақтылы көрсету ғана емес, оның көрермендермен өзара белсенді әрекеттесу. Сондай-ақ, бөлімнің басты міндеттерінің бірі – музей қызметінің барлық түрін кеңінен насихаттау. Баспасөз бөлімінің жұмысы музейдің мәдени-ағартушылық қызметін көрермендермен жұмыс істеудің әр түрлі формалары арқылы жүзеге асыру арқылы бағытталған: дәрістер, экскурсиялар, музей мерекелері, дөңгелек үстелдер, конференциялар, тақырыптық дәрістер, шығармашылық кездесулер, семинарлар және т.б. Мәдени-ағартушылық іс-шаралар көрермендермен бір реттік байланыс үшін ғана емес, сонымен қатар музейге ұзақ және жүйелі баруға бағытталуы керек.

Музейдің 2021 жылға жоспарланған іс-шараларына сәйкес баспасөз бөлімі:

- бұқаралық ақпарат құралдарын кеңейту, музей іс-шараларын өзгеше тартымдырақ етіп жариялау;
- қазіргі экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда музейді дамыту міндеттерін іске асырудың жаңа тәсілдерін зерттеу;
- бұқаралық ақпарат құралдарымен және интернет ресурстарымен белсенді өзара әрекеттесу;
- республикалық және халықаралық конференцияларда баяндамалар, таныстырылымдар мен жарияланымдар дайындау;
- біліктілікті арттыруға байланысты семинарлар мен тренингтерге қатысу;

- музей іс-шараларын ұйымдастыруға және қамтуға белсене қатысу;
- көрмелерге жетекшілік ету;
- музейдің көрмелері мен басқа да іс-шаралары туралы сұхбат беру;
- музей қызметі жайында мақалаларды журналдарда, газеттерде және электронды порталдарда жариялау;
- экскурсиялар жүргізу сынды жұмыстарын жүргізуді жоспарлайды.

Дөңгелек үстелдер, шығармашылық кездесулер, көрмелерді талқылау

2021 жылы бірқатар көрмелер мен жобалар, оның ішінде дөңгелек үстел ілесе жүретін халықаралық жобалар мен көрмелер болады. Пікірталас орын алатын алаңның форматы мамандарды, суретшілерді, оқушылар мен БАҚ өкілдерінің басын қосады.

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына Қазақстан Суретшілер одағының жыл сайынғы қорытынды көрмесі бойынша дөңгелек үстел өткізу;
- Юрий Акопянцтың халықаралық акварель көрмесін талқылау және шығармашылық кездесу;
- Қазақстанның көрнекті кескіндемешілері мен графиктерінің көрмелері жайында дөңгелек үстелдер өткізу;
- Таңдаулы көрмелер – мерейтойлық, халықаралық және т.б көрмелерді талқылау.

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ және ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР БӨЛІМІ

Бөлім жұмысының негізгі түрлері: экскурсиялар мен дәрістер ұйымдастырып, өткізу, жобалық қызмет, сыртқы байланыстар, соның ішінде дипломатиялық өкілдіктермен, қоғамдық ұйымдармен, қорлармен және барлық деңгейдегі оқу орындарымен байланыс, сондай-ақ әртүрлі шығармашылық жобаларды ұйымдастыру (серіктес компаниялармен бірлесіп): практикалық шеберлік сабақтары, балалар мен ересектерге арналған білім беру бағдарламалары, сән көрсетілімдері және т. б. Коронавирустық пандемия кезінде бөлім музей таныстырылымдарының онлайн-эфирлерінің шығуын қамтамасыз ету жүктемесінің едәуір бөлігін өз мойнына алды және бұл жұмысты әлі де жалғастыруда. Бөлім музей жанындағы Арт-зертхана – бейнелеу өнерін оқыту студиясына жетекшілік етеді.

Шын мәнінде, **бұл бөлім – музей мен аудитория арасын байланыстырушы негізгі аралық буын.** Қызметкерлер музей өміріне, барлық музей жобаларын ұйымдастыруға және жүзеге асыруға белсене қатысады. Ең алдымен жұмыстың мына түрлері атқарылады:

- экскурсиялар мен дәрістерді ұйымдастырып, өткізу;
- маңызды атаулы күндерге орайластырылған көрмелерді жүзеге асыруға жәрдемдесу;

- аудиогидпен және ақпараттық дүңгіршекпен жұмыс істеуге қатысу;
- «Әсем әлем» өнер академиясының әлемдік өнер тарихы бойынша дәрістер циклын ұйымдастыруға қатысу;
- Халықаралық музей күніне орайластырылған музей жобаларын, музейдегі Наурыз бағдарламасын, 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған бағдарламалар (іс-шара тақырыбын сақтай отырып, шеберлік сағаттары, концерттік бағдарламалар мен интерактивті бос уақытты ұйымдастырып) экспозициялық кеңістіктер бойынша экскурсиялық бағдарлама ұйымдастыру;
- Мектеп демалысы кезінде мектеп жасындағы балаларға арналған "Ғажайып шам" музей жобасын (тақырыптық экскурсиялар мен шеберлік сағаттары) жүзеге асыру.

Жобалық қызмет 2021 жылы келесі музей оқиғаларын дайындап, іске асыруға қатысуды көздейді:

- жыл сайынғы «Періштелер уақыты» қайырымдылық аукцион-көрмесі, қаңтар;
- жыл сайынғы «Музей Наурызы» жобасы;
- халықаралық музей күніне арналған «Музей түні»;
- «Әрқашан біргеміз» халықаралық қуыршақтар көрмесі және т.б.

2021 жылдың жоспарына бөлім қызметкерлеріне **210 экскурсия** жүргізу белгіленді. Бөлім қызметкерлері музей экспозициясы бойынша **7 тақырыптық бөлім бойынша** жаңа экскурсия тапсыруға дайындалуда (экскурсиялар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде).

- Нүсіп А. Қазақстан бейнелеу өнері (қазақша)
- Крылова К. Орыс өнері (орысша)
- Қамидоллаева Д. Қазақстан бейнелеу өнері (ағылшынша)
- Қамидоллаева Д. Орыс өнері (ағылшынша)
- Нүсіп А. Шолу экскурсия (қазақша)
- Крылова К. Шолу экскурсия (орысша)
- «Әсем әлем» дәрістер циклы аясында бірқатар көшпелі пленэр-экскурсиялар.

Сондай-ақ жаңа дәрістік тақырыптар:

- Танская О. «Алматы – суретшілер көзімен»
- Танская О. Эллада жаңғырығы
- Танская О. Қайта өрлеу дәуірі кезіндегі өнер
- Нұғыманова Ш. Барокко өнері
- Цикл аясында таныстыру дәрісі
- «Әсем әлем жуниор» циклы үшін алғашқы қауым өнері
- Алғашқы қауым өнері

Үстіміздегі жылы бөлім қызметкерлері жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2021» ғылыми-практикалық конференциясына қатысуды

ойластыруда. Бөлім қызметкерлері жыл бойы уақытша көрмелерге кураторлық етуді жоспарлады.

МУЗЕЙДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК және ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

Бірнеше жылдар бойы ҚР МӨМ. Ә.Қастеева мүгедектіктің әртүрлі нысандары бар (тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, көру және есту бойынша мүгедектер, менталдық ауытқулары бар адамдар және т. б.) келушілермен жұмыстың әр түріне бағытталған жобаларды жүргізеді. «Баршаға қолжетімді музей» жобасы аясында музей экспозицияға мәтіндері Брайль қарпімен терілген қолданбалы және бейнелеу өнерінің тактильді экспонаттарын қамтыған. 2021 жылы музей демеушілердің қолдауымен 8-16 жастағы зағип және көздері нашар көретін келуші балаларға арнап, тұрақты экспозицияның негізгі бөлімдерін тифлотүсіндірмелермен толықтыруды жүзеге асыруды ойластыруда. Бұл жобаның музей саласындағы инклюзивтік жобаларды жүзеге асыру аясындағы маңыздылығы айқын.

Сондай-ақ, 2021 жылғы маңызды жобалардың қатарында қоғамдық маңызы бар әлеуметтік жобалар белгіленген. Атап айтқанда, Ресей Федерациясы Елшілігімен бірлесіп өткізілетін «Періштелер уақыты» аукционалды қайырымдылық көрмесі – халықаралық авторлық интерьерлік қуыршақтар көрмесі өтуге тиіс дәстүрлі жобаға айналды. Ресей мен Қазақстан шеберлерінің авторлық туындылары көрмеге қойылып, аукционға қатысатын болады. Аукциондық сауда-сатықтан түскен бүкіл қаражат муковисцидозбен ауыратын балаларға көмекке жіберіледі. Көрме дәстүрлі түрде қаңтар айында өтеді.

КӨРМЕ-ЭКСПОЗИЦИЯ ЖҰМЫСЫ

Музей экспозициясы тұрақты және уақытша көрмелер болып екі негізгі бөлімге бөлінген. Залдар мен галереялардағы экспозицияларды және уақытша көрмелерді безендіру жөніндегі барлық жұмыстар, сондай-ақ оларды орындау мерзімдері музейдің жалпы экспозициялық-көрме жоспарына сәйкес жоспарланады.

Тұрақты экспозицияда 13 тақырыптық бөлімшені қамтиды, олар: Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері, Ә. Қастеевтің мемориалдық залы, 1930-1990-жылдардағы Қазақстан өнері (кескіндеме, мүсін) 3 залда, Тәуелсіз Қазақстан өнері (2 галерея), XX ғасыр және қазіргі заман (заманауи шет ел өнері), орыс өнері, Батыс Еуропа өнері, Шығыс елдері өнері, XX ғасырдағы шет ел өнері.

Музей мен Орталық көрме залына (ОКЗ) 2021 жылға арналған уақытша көрмелердің алдын ала жоспары жасалды. Орталық көрме залы Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-нің құрылымдық бөлімшесі ретінде жұмыс істейді, онда музей қызметі аясында түрлі көрмелер мен жобалар өткізіледі.

Жасалған кестеде көрмелерді өткізудің алдын ала жоспары көрсетілген және музейге тәуелсіз себептермен өзгерістерді қамтуы да мүмкін.

**Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ мен орталық көрме залының
2021 жылға көрмелер жоспарының алдын-ала жобасы**

2021 жылы кем деген 40 уақытша көрме өткізу жоспарланды.

№	Көрмелердің атауы	Локация	Уақыты
1.	Е.Сидоркиннің мерейтойлық көрмесі	Айналма галерея	Январь
2.	«Жат идеялы...». ҚР МӨМ қорынан	Акварель залы	Январь
3.	С. Какоткина. Графика	ОКЗ Кіші зал	14.01.-14.02
4.	О. Беляловты еске түсіруге арналған фотокөрме	ОКЗ Үлкен зал	15.01-15.02
5.	ҚР МӨМ қорынан Рембрандттың офорттар көрмесі	Шығыс залы	С 2.02
6.	Международная выставка «Италия өнері» халықаралық көрмесі. ҚР МӨМ қорынан. Итали Елшілігімен бірге	Рекреация	Февраль
7.	Б. Бәйменнің жеке көрмесі. Шымкент	Уақытша көрмелер залы	4.03-3.04
8.	А. Бекқұлованың көрмесі. «Жібек жолы»	Айналма галерея	5.03-4.04
9.	«Тұмар-арт» республикалық педагог-суретшілер қауымдастығының көрмесі	ОКЗ	03. 03-23.03
10.	«Асыл тастар әлемі». Тастан жасалған бұйымдар. Ресей	ОКЗ Үлкен зал	13.03-23.03
11.	Руслан Юсуповтың жеке көрмесі	Уақытша көрмелер залы	2.04-02.05
12.	Герман Титовтың халықаралық жеке көрмесі (Ресей)	Айналма галерея	7.04-7.05
13.	Андрей Бодровтың халықаралық графика көрмесі (Санкт-Петербург). Репин институтының проректоры	Акварель залы	Апрель
14.	Адамзат баласының ғарышты игеруінің 60 жылдығына музей	Шығыс залы	Апрель

	қорынан көрме		
15.	В. Люй-Коның көрмесі	Уақытша көрмелер залы	Май
16.	Қазақстандағы халықтар бірлігі күніне көрме – Нуршитдин Баратов	Айналма галерея	Ммыр
17.	Халықавралық акварель көрмесі Юрий Акопянц (Таганрог)	Акварель залы	Мамыр
18.	Шорохов П.И. Мүсіншінің туғанына 70 жылд толуына арналған мерейтойлық көрме	Уақытша көрмелер залы	Маусым
19.	Мерей жастағы суретшілер. Музей қорынан	Айналма галерея	Маусым
20.	Александр Садвакасовтың жеке көрмесі	Уақытша көрмелер залы	Шілде
21.	Мерей жастағы суретшілер. Музей қорынан	Айналма галерея	Шілде
22.	Татарстан Суретшілер одағының халықаралық көрмесі	Уақытша көрмелер залы	Тамыз
23.	Ұйғыр суретші әйелдерінің халықаралық көрмесі. «Дүние-арт»	Айналма галерея	07.08-06.09
24.	Анна Иванованың хаолықаралық көрмесі (Қазан)	Акварель залы	14.08-13.09
25.	Халықаралық жоба «Контрапункт»	Уақытша көрмелер залы	Қыркүйек
26.	Мүсәпір Жанұзақ Керімбекұлы (Астана) «Тәуелсіздік – тұғырым»	Айналма галерея	Қыркүйек
27.	Қайырбай Зәкіровтің жеке көрмесі	Акварель залы	Қыркүйек
28.	Лейла Ахмет Османның (АҚШ) халықаралық жеке көрмесі	Уақытша көрмелер залы	Қазан
29.	Тәуелсіздіктің 30 жылдығына, ҚРКА 15 жылдығына арналған көрме	Айналма галерея	Қазан
30.	Рустам Яхихановтың халықаралық көрмесі (Санкт-Петербург)	Уақытша көрмелер залы	20.11-20.12
31.	Қазақстан Суретшілер одағының есептік көрмесі	Айналма галерея	Қараша
32.	Асқар Нұрболаттың жеке көрмесі	Акварель залы	Қараша
33.	Шығыс музейінің көрмесі. Рерих	Шығыс залы	Қараша
34.	Нұржан Сауытбековтің жеке көрмесі	Айналма галерея	Желтоқсан

35.	Музей қорынан Иткиндтің мүсіндер көрмесі	Акварель залы	Қараша
36.	Берік Молжігіттің жеке көрмесі	Уақытша көрмелер залы	Желтоқсан

Экспозиция бөлімінің өндірістік-жоспарлау қызметі

1. Тұрақты экспозиция мен уақытша көрмелерге арналған экспозиция залдарын жобалау және монтаждау.
2. МӨМ қорынан жоспарланған мерейтойлық көрмелерге жаңа багетке көркем туындыларды безендіру – қажетінше.
3. Этикетканың жаңа дизайнын жасау, ескілерін модернизацияланған мөлдір нұсқасына кезең-кезеңмен ауыстыру.
4. Этикетканы дайындау, аннотацияларды және басқа да ақпараттық материалдарды рәсімдеу; қор сақтаушыларда ішкі қозғалыс актілері бойынша туындылардың сақталуын қабылдау.
5. Барлық уақытша көрмелерге экспонаттарды қабылдау және қайтару актілерін жүргізу.
6. Барлық уақытша көрмелердің экспонаттарының тізімінің мұрағатын құру.
7. Барлық көрмелер мен экспозициялардың аннотациялары мен афишаларының мұрағатын құру
8. Ішкі қоғалыс актісінің мұрағатын құру.
9. Қор сақтаушылармен бірлесіп, залдардағы экспонаттардың сақталу күйін бақылау.
10. Экспонаттардың біркелкі іліну деңгейін ұстап тұру
11. Экспозициялардан экспонаттарды кейіннен орнына қайтара отырып беру (теле-, фото-, киноға түсіру және т. б. үшін))
12. Музейдің қоғамдық өміріне араласу (залдарды семинарларға, концерттерге, түсірілімдерге және мерекелік іс-шараларға дайындау).

Безендіруші-суретшілердің жұмысы

- қорлардан көшпелі көрмелерге арналған туындыларды тасымалдауға арналған буып-түю жабдықтарын (жәшіктерді) дайындау;
- көрме-экспозиция жұмысына белсене араласу;
- барлық жоспарлаған көрмелерге балалар суреттері мен графикалық жұмыстарды безендіру;
- залдардағы, күнделікті кішігірім жөндеу жұмыстары, керегінше көрме жабдықтарын жөндеу;
- қалқандарды жаңа матаман қаптау.

Зал қараушылардың жұмысын бақылау

- залдарда күнделікті есепке алу және экспонаттардың қозғалыс журналдарын жүргізу;

- өндірістік жиналыстар, жедел жиналыстар;
- зал қараушылардың кезекшілік графигін жасау;
- залдардың жиналуын бақылау және т.б.

ЦИФРЛАНДЫРУ

Цифрлық 3D мұрағаты бүгінгі күні 1 900 сақтау бірлігін құрады. 2021 жылы үш жыл ішінде құрылған 3D мұрағаттың жұмысын, әртүрлі бағдарламалық өнімдердегі модельдердің сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстарды талдау, 3D мұрағатын құрылымдау, музей қызметкерлерінің мұрағатқа қашықтан қол жеткізуін жаңғырту жоспарлануда.

2D сандық бейнелердің мұрағатын толықтыру бойынша жұмыс жалғасуда. Қазіргі уақытта цифрландырылған экспонаттардың жалпы саны 17 100 болып отыр.

Сондай-ақ, қауіпсіз сақтау мен есепке алудың және цифрлық 3D мұрағатын үйренудің де маңызы зор. Осы мақсаттарға жету үшін музейде салқындату және өрт сөндіру жүйелері бар серверлік бөлме жабдықталған, онда қорғалған сервер орнатылған (интернетке қосылмаған). Есепке алу-сақтау және ғылыми мақсаттар үшін ҚД ААЖ деректерді есепке алудың автоматтандырылған жүйесі әзірленді. Жүйе толығымен отандық өнім және музей мамандарының талаптарын ескере отырып, ҚР МӨМ қажеттіліктері үшін арнайы әзірленген. Жүйені әртүрлі бағыттағы музейлерге де бейімдеуге болады.

Цифрландыру аясында музей ААЖ – автоматтандырылған ақпараттық жүйені белсенді енгізуде. Арнайы әзірленген бағдарламалық қамтамасыз ету музейдің қағаз картотекаларының бүкіл ауқымын цифрлық форматқа көшіруге мүмкіндік береді. Жұмыс бірнеше жылға есептелген, бірақ өте маңызды әрі қажет. 2021 жылы мәліметтер қорына кемінде 100 сақтау бірлігі енгізілетін болады.

АҚПАРАТ және БАСПА ҚЫЗМЕТІ БӨЛІМІ

Бөлімнің қызметіне түрлі баспа қызметтері, мұражай жобаларын техникалық қолдау, музейдің кәдесый өнімдерін әзірлеп, жасау кіреді. 2021 жылға келесі жұмыс түрлері жоспарланды:

1. Баспа қызметі:

- «Қастеев оқулары» конференциясының баяндамалар жинағын беттеп, басып шығару;
- «Қазақстан өнерінің 100 жауһары» кітабының макетін жасау;
- Музей еңбектерін баспаға әзірлеу;
- грамоталарды, алғыс хаттарды, сертификаттарды, дипломдарды, құттықтауларды және басқа да күнделікті құжаттарды рәсімдеудің дизайнерлік шешімін әзірлеу және басып шығару;
- музейдің күнделікті іс-шараларына афишалар, шақырулар мен буклеттер әзірлеу.

2. Техникалық жобалар:

- музей іс-шараларына техникалық көмек беру. Жыл бойы
- Музейдің компьютерлік және ұйымдық техникаларын жөндеу және қызмет көрсету. Жыл бойы
- Компьютерлерді бағдарламалық жасақтандыру – операциялық жүйе, антивирустарды жаңалау және орнату, бағдарламалар орнату.
- Бақылау жүйесі мен қол жеткізуді басқару жүйесін дайындау. Бұл рұқсатсыз кіруден қорғау, жұмыс уақытын есепке алуды автоматтандыру, еңбек тәртібін бұзуды бақылау шаралары.
- LED-экрандағы ақпараттарды жаңалау – видеороликтерді монтаждап, орналастыру.

3. Кәдесый өнімдері

- Кәдесый өнімдерінің түрлерін көбейту. Музейдің жаңа кәдесый өнімдерін жасау үшін сыртқы ұйымдармен ынтымақтастық.
- Музейдің кәдесый өнімдерін әзірлеп, шығару.

4. Құжаттарды, музей каталогтарын, Мемлекеттік тізілімдемеге берілетін мәліметтерді аудару, редакциялау – орысша-қазақша.

Бөлім аудиогид, LED-экрандағы ақпаратты жаңарту, ақпараттық дүңгіршекті толықтыру, QR-кодтармен жұмыс, 3D галереясы бойынша жұмысты жалғастыру сияқты бүкіл музей инновацияларын техникалық қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізеді.

Ә. ҚАСТЕЕВТІҢ МҰРАЖАЙ-ҮЙІ

Ә. Қастеевтің мұражай-үйінің басты мақсаты – қазақ кескіндемесі кәсіби мектебінің бастау бұлағында тұрған суретші Әбілхан Қастеевтің көркемдік мұрасын зерттеу, сақтау және дәріптеу.

Музейдің құрылымдық бөлімшесі болатын мұражай-үйдің қызметі – келушілердің алуан тобын тарту, түрлі форматтағы жұмыстар жүргізу, соның ішінде ғылыми және білім беру жұмыстары – суретшінің және суретшімен қатар қызмет еткен басқа да қылқалам шеберлерінің шығармашылығы жайлы дөңгелек үстелдер, студенттерге арналған шеберлік сағаттары мен пленэрлер ұйымдастыру, ғылыми конференцияларға баяндама жасап қатысу.

2021 жылға мынадай жұмыс түрлері жоспарланды:

- Газет-журналдарға Ә. Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы жайлы мақалалар әзірлеп, жариялау;
- Кемінде 25 экскурсия жүргізу;
- Алматы қаласындағы басқа да мемориалдық кешендерімен – мұражай-үйлермен ынтымақтастықты күшейту.
- Атаулы объектіге келушілерді көбейті үшін туристерді молынан тарту мақсатында Алматының туристік ұйымдарымен жұмыс;

- Үйді және оған іргелес аумақты тәртіппен ұстау, мүмкіндігінше косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу.

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА СЕКТОРЫ

Музей кітапханасы – музейдің маңызды және ажырамас бөлігі, оның зерттеу, әдістемелік және Қор жұмысының ғылыми базасы. Ғылыми кітапхана секторында 27 770 сақтау бірлігінен тұратын едәуір кітап және мұрағат қоры бар. Каталогтары – алфавиттік және жүйелі. Мұрағат 2084 папканы қамтып, 1712 суретшілер папкасы, 65 өнертанушылар папкасы, 307 тақырыптық папка болып бөлінеді.

Қормен жұмыс істеу мыналарды талап етеді:

- суретшілер жайлы ақпараттарды жүйелеу, мерзімдік басылымдар – газет-журналдарды жүйелі қарап отыру, материалдардың көшірмесін жасау;
- инвентарлық сипаттама, Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ кітапханасына бірыңғай инвентарлық нөмір беру;
- бақылау талондарының картотекасын енгізу (инвентарлық нөмірін, автордың тегін, кітап басындағы бірінші сөзді көрсетеді. Бақылау талондарын инвентарлық нөмір ретімен қояды, инвентарлық кітаптармен салыстырып тексереді. Бақылау талондарының картотекасын қорды тексеру кезінде, кітаптың инвентарлық нөмірін нақтылау кезінде пайдаланады. Сипаттаманы жасау объектілері: кітап, мақала, бөлім, тарау және т.б.
- библиографиялық сипаттама. Сипаттама жасалынатын нысандар: кітап, бөлім, тарау және т.б.
- алфавиттік және жүйелік каталогтармен жұмыс;
- баспа туындыларын қорда орналастыру;
- бөлгіштерді жаңарту;
- 1960-2000-жылдардағы афишаларды жүйелеу;
- мұқабаларды ішінара реставрациялау;
- жаңадан түскен мерзімді басылымдарды өңдеу;
- жаңадан түскен кітаптарды кітапхана қорына рәсімдеу;
- музей қызметкерлері мен студенттерді (арнаулы рұқсат бойынша) оқу залдарына жіберу;
- кітапхана қорының электрондық каталогын құру (мүмкіндігінше);
- қолға берілген басылымдар мен олардың уақтылы қайтарылу есебін жүргізу.

ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҒИМАРАТТЫ КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ҒИМАРАТҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМІ

№	Жұмыстың атауы	Орындалу мерзімі
1	2021 жылға коммуналдық қызметтермен келісімшартқа отыру (Энергосбыт, Бастау,	Қаңтар

	ТоспаСу, АлТС)	
2	Мемлекеттік сатып алуды өткізу үшін жылыту, ауаны баптау жүйелерінің, электр және сантехникалық қондырғылардың жұмысын қолдауға арналған материалдардың, құралдар мен жабдықтардың тізімін жасау	Қаңтар, ақпан
3	№ 2 чиллерді кезекті жөндеу	1-жартыжылдық
	Барлық экспозиция залдарындағы шыны төбелерді жинап, тазалау	Сәуір, мамыр
4	Жаз-күз маусымына газондарды суғару жүйесін дайындап, қалпына келтіру жұмыстары	Наурыз, сәуір
5	Электр қуатын беретін жабдықтар мен электр қуатын бөлетін қалқандарда және т.б. бойынша профилактикалық жұмыстар	Сәуір
6	Тоңазытқыш машинаны (№ 1 чиллер) жазғы маусымға дайындау	Сәуір, мамыр
7	Пайдаланылып, жарамай қалған люминисцентті шамдарды кәдеге жаратуға өткізу	Мамыр, маусым
8	Желдету жүйесі бойынша 2 жылытудан калориферлерді жөндеу / ауыстыру	2-жартыжылдық
9	Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ, ОКЗ, Ә Қастеевтің мұражай-үйіндегі бақылау-өлшеу құралдарын мемлекеттік тексеруден өткізу.	2-жартыжылдық
10	Ағымдағы жылыту маусымы аяқталғаннан кейін элеваторда және жылыту жүйелерінің құбырларында келесі жылыту маусымына дайындыққа байланысты алдын алу жұмыстарын жүргізу.	2-жартыжылдық
11	Жылыту маусымының басталуына қажетті құжаттаманы дайындау және тиісті инстанциялардан рұқсат алу.	Тамыз, қыркүйек
12	Музейдің еріген қар мен жаңбыр суларынан зақымдалған жұмсақ шатырының зақымдалған бөліктері мен шағын пирамидаларың парапеттерін (жақтауларын) жөндеу.	2-жартыжылдық
13	Арнаулы машиналармен сыртқы кәріздерді тазалау	2-жартыжылдық
14	3-ші қабаттың солтүстік-шығыс жағындағы жылыту жүйесін қайта жөндеу. Жөндеу-дәнекерлеу және қалпына келтіру	2-жартыжылдық

	жұмыстары.	
15	Суық сумен қамтамасыз ететін ПК № 4құбырды ауыстыру (газбен дәнекерлеу жұмыстары)	1-жартыжылдық
16	ҚЕ (Қауіпсіздік ережелері) бойынша профилактикалық сынақ пен энергосараптамадан өткізу	1-жартыжылдық
17	ОКЗ-дағы жылу жүйесін жөндеу немесе қайта жаңарту.Терезедегі торларды ауыстыру.	2-жартыжылдық
18	Қысқы кезеңге суару жүйесін сақтау	Қазан-қараша